

## Қостанай облысы Денисов ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 4 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 453 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 23 желтоқсанда № 3790 тіркелді

Ескерту. Мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2014 № 9 қаулысымен және Қостанай облысы мәслихатының 04.07.2014 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес және Денисов ауданының өкілді және атқарушы органдарының пікірлерін ескеріп Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Барлық тұрғындарының кетуіне және көшуіне байланысты таратылсын:  
Денисов ауданы Свердлов ауылдық округінің Ақсай ауылы;  
Денисов ауданы Покров ауылдық округінің Иманов ауылы;  
Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің Искра ауылы;  
Денисов ауданы Комаров ауылдық округінің Октябрь ауылы.

2. "Қостанай облысы Денисов ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қостанай облысы әкімдігінің және Қостанай облыстық мәслихатының 2004 жылғы 11 ақпандағы № 50/3 св бірлескен шешімі жойылсын.

3. Осы қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ о с т а н а й

облысының әкімі

С. Кулагин

С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,  
Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

С. Тукенов